

\*<sup>1</sup> Мәсімханұлы Д.  <sup>2</sup> Кудьяров Б.Б. 

<sup>1,2</sup> Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: <sup>1</sup>[duken.masimhan@gmail.com](mailto:duken.masimhan@gmail.com), <sup>2</sup>[baburbek.kudyarov@gmail.com](mailto:baburbek.kudyarov@gmail.com)

## ҚЫТАЙДЫҢ ЖҰМСАҚ КҮШ СТРАТЕГИЯСЫ: БАТЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

**Аңдатпа.** ҚХР-ның «жұмсақ күш» ғылыми тұжырымдамасының теориялық негіздері мен оның оның қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Джозеф Найдың «жұмсақ күш» теориясы негізінде Қытайдың аталған тұжырымдаманы қабылдауы мен дамыту ерекшеліктерін талдау сондай-ақ қытайлық ғылыми ортадағы теориялық көзқарастарды жүйелеу зерттеу жұмысының мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: Джозеф Най тұжырымдамасының негізгі қағидаларын талдау, қытайлық ғалымдардың «жұмсақ күшке» қатысты көзқарастарын салыстыру, ҚХР-дың жұмсақ күш саясатының негізгі құрамдас бөліктері мен ерекшеліктерін анықтау, қытайлық және батыстық ғылыми дискурстардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсету. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Қытайдың «жұмсақ күш» тұжырымдамасының теориялық эволюциясын батыстық және қытайлық ғылыми көзқарастар негізінде кешенді түрде талдауы зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы болып табылады. Сонымен қатар мақалада Қытайдың жұмсақ күш саясатының тек мәдениетпен шектелмей, саяси құндылықтар, экономикалық даму моделі, білім беру және халықаралық имидж қалыптастыру тетіктерімен тығыз байланыста дамитыны көрсетілді. Қытайлық ғылыми ортада «жұмсақ күштің» мазмұнына қатысты ортақ пікірдің қалыптаспағаны және оның ұлттық ерекшеліктерге негізделгендігі анықталды. Зерттеу нәтижесінде Қытайдың «жұмсақ күш» тұжырымдамасы Джозеф Найдың бастапқы теориясына сүйенгенімен оның мазмұны қытайлық саяси-мәдени құндылықтар негізінде кеңейтілгені анықталды. Қытайлық модельде мәдениет негізгі орын алғанымен, экономикалық даму тәжірибесі, қоғамдық тұрақтылық, мемлекеттік басқару тиімділігі және халықаралық бедел де жұмсақ күштің маңызды құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Автор Қытайдың жұмсақ күш саясаты халықаралық аренада мемлекеттің жағымды имиджін қалыптастыруға, мәдени ықпалын арттыруға және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған деген қорытындыға келеді.

**Алғыс:** Мақала ҚР ҒЖБМ «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» (№ BR 24993043) атты іргелі ғылыми зерттеу шеңберінде даярланған.

**Кілт сөздер:** жұмсақ күш, Қытай, Джозеф Най, мәдени дипломатия, халықаралық қатынастар, Қытайдың сыртқы саясаты, қоғамдық дипломатия, мәдениет, халықаралық имидж.

### Кіріспе

21-ғасырдың басында халықаралық қатынастар және дипломатиясында мемлекеттердің бір-біріне ықпал ету құралдары айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Қазіргі таңда мәдениет, білім саласы, ғылым, ақпараттық коммуникациялар және қоғамдық дипломатия арқылы ықпал ету мүмкіндіктері дамып келе жатыр. Халықаралық қатынастар әскери қуат пен экономикалық ресурстарға негізделген қатты күш теориясы басымдылығын жойды. Осы өзгерістер

нәтижесінде халықаралық қатынастар теориясында «жұмсақ күш» тұжырымы кеңінен таралып, халықаралық саясатты зерттеудің маңызды бағыттарының біріне айналды.

«Жұмсақ күш» концепциясын бірінші болып ғылымға енгізген америкалық зерттеуші Джозеф Най. Ол өзінің *Soft Power: The Means to Success in World Politics* атты еңбегінде қандай да бір мемлекет өз мақсаттарына күш қолдану немесе материалдық ынталандыру арқылы емес, тартымдылық пен сендіру арқылы қол жеткізу теориясын «жұмсақ күш» деп анықтады. (Nye, 2004:5). Оның пікірінше жұмсақ күштің негізіне мәдениет, саяси құндылықтар және сыртқы саясаты жатады. Кейінірек Джозеф Най бұл тұжырымды дамыта отырып оны басқа акторлардың мінез-құлқы мен шешімдеріне тартымдылық пен сендіру арқылы ықпал ету деп сипаттайды. (Nye, 2011:6).

Бүгінгі таңда «жұмсақ күш» концепциясын халықаралық қатынастарды зерттеудегі негізгі теориялық құралдардың бірі болып саналады. Бұл концепция АҚШ пен Еуропа мемлекеттерінің сыртқы саясатында ғана емес сондай-ақ жаңа геосаяси орталықтардың халықаралық стратегияларын талдауда да кеңінен қолданылады. Соның ішінде Қытай Халық Республикасының халықаралық беделін арттыруға бағытталған саясаты жұмсақ күш феноменін зерттеудің өзекті бағыттарының біріне айналып отыр.

Қытай Халық Республикасының халықаралық аренадағы ықпалын күшеюі жұмсақ күш деген саясатына деген ғылыми қызығушылықтың көбеюіне себеп болды. Бонни Глейзер мен Мелисса Мерфидың пікірінше Қытай Халық Республикасындағы жұмсақ күш теориясының дамуы екі кезеңнен тұрады. Бірінше кезеңде мәдени ықпалға басымдық берілсе, екінші кезеңде Қытай Халық Республикасының ұлттық ерекшеліктеріне негізделген өзіндік теориялық моделі қалыптаса бастады. (Glaser & Murphy, 2009). Қытай Халық Республикасының зерттеушілердің бір бөлігі жұмсақ күштің негізгі қайнар көзі деп мәдениетті қарастырады. Бұл идеяның қалыптасуына Ван Хунингтің мәдениетті ұлттық қуаттың маңызды элементі деп түсіндіретін еңбектері үлкен әсер берді (Wang, 1993). Қытай Халық Республикасының ғылыми дискурстық ортада жұмсақ ұғымының мазмұны бойынша ортақ пікір қалыптаспаған. Мысалы: Лю Цзайци мемлекеттің стратегиялық даналығы мен ұлттық даму моделінің тартымдылығы ретінде қарастырса (Liu, 2009:155). Лю Гуофу жұмсақ күштің негізінде мемлекеттің экономикалық және материалдық әлеуеті жатқанын атап көрсетеді. (Liu, 2012). Қытайдың жұмсақ күш саясаты туралы пікірталастар оның мақсаты мен сипатына қатысты да жалғасуда. Бірқатар зерттеушілер Қытайдың халықаралық имиджін жақсартуға бағытталған стратегия ретінде бағаласа кейбіреулері Қытайдың даму моделін халықаралық деңгейге дамытудың құралы ретінде қарастырады. (Кривохиж, 2012).

Осыған байланысты Қытай Халық Республикасының жұмсақ күш саясатының теориялық негіздерін зерттеу халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістерді түсіну үшін маңызды ғылыми міндеттердің бірі болып табылады. Әсіресе Қытай Халық Республикасының мәдениет, білім беру және ғылыми-гуманитарлық бағыттарында ықпал ету тетіктерінің ерекшеліктерін талдау оның халықаралық стратегиясының мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сол үшін Қытай Халық Республикасының жұмсақ күш тұжырымдамасының қалыптасуы мен дамуын және оның батыстық теориялардан айырмашылығын, негізгі ерекшеліктерін зерттеу бүгінгі таңда ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зерттеу жұмысы халықаралық қатынастар және Шығыстану теориясындағы «жұмсақ күш» концепциясының қалыптасуы мен дамуын арастырып қоймай Қытайдың осы концепцияны қабылдау және жүзеге асыру ерекшеліктерін талдауға бағытталған. Мақалада сапалық зерттеу әдістері қолданылды. Бұл жұмыстың әдіснамалық негізін халықаралық қатынастар теориясы, саяси ғылым және шығыстану салаларындағы еңбектер қарастылыады.

Зерттеу барысында теориялық талдау, салыстырмалы талдау және тарихи әдістері пайдаланылды.

Тарихи әдіс арқылы жұмсақ күш тұжырымдамасының пайда болуы мен эволюциясы, Джозеф Найдың еңбектеріндегі теориялық негіздері және Қытайдағы даму эволюциясын қарастырылды. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы батыстық және қытайлық ғылыми жұмыстардың жұмсақ күш теориясының айырмашылықтары мен ұқсастықтары салыстырып анықталды. Қытайдың «жұмсақ күш» саясатына қатысты ғылыми әдебиеттерді, ресми құжаттарды және зерттеушілердің еңбектерін жүйелі зерделеу үшін контент-талдау әдісі қолданылды. Джозеф Най, Ван Хунинг, Лю Цзайци, Лю Гуофу, Джошуа Курланцик, Дэвид Шамбо, Бонни Глэйзер, Мелисса Мерфи, И.В. Радиков, М.Л. Титаренко еңбектерінің талдануы зерттеу материалдары ретінде талданды.

Жинақталған материалдарды талдау нәтижесінде Қытайдың «жұмсақ күш» тұжырымдамасының теориялық ерекшеліктері мен оның негізгі қайнар көздері, халықаралық саясаттағы қолданылу аспектітері анықталды. Бұл зерттеу Қытайдың жұмсақ күш саясатының мәдени, саяси және экономикалық факторлармен өзара байланысын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

### Талқылау

«Жұмсақ күш» концепциясын алғаш рет Дж Най 2004 жылы ұсынған болатын. (Nye, Jr., Joseph S. (2004) Ол “Soft Power: The means to success in world politics” атты ғылыми жұмысында автор Америка Құрама Штаттарының әлемдік аренадағы мүмкіндіктерін сынға алып, әртүрлі мемлекеттердің сыртқы саясатындағы тарихи деректерді талдайды. Джозеф Най Халықаралық қатынастардың қазіргі жағдайын өзінің теориялық зерттеулері мен мемлекеттік органдардағы қызметтік тәжірибесіне сүйене отырып зерттейді. Ол бірінші болып осы ғылыми жұмысында жұмсақ күш концепциясына негіздеме береді. Бұл концепцияда білім беру, мәдени және дипломатиялық құралдар арқылы әскери немесе экономикалық қысым көрсетпей-ақ геосаяси ықпалды кеңейтуге болатынын түсіндіруге негіз болды. (Най, Джозеф С., 2006).

Джозеф Най күштерге ой қозғай отырып қатты күш пен жұмсақ күштің көмегіменде мақсатқа жетуге болатынын меңзейді. Қатты күштің негізіне материалдық ресурстар, әскери күш, қаржы және тағы басқалар кіреді. Осылардың арқасында ынтымақтастыққа жүзеге асырылады. Ал жұмсақ күшке тоқталатын болсақ ынтымақтастықтың негізі ретінде ортақ мақсаттарға тарту, әділеттілік және сол мақсаттарға қол жеткізуге өз үлесін қосу қажеттілігі қарастырылады. «Жұмсақ күштің» тағы бір ерекшелігі – үкімет тарапынан оны толық бақылауда ұстаудың қиындығы. Қатты күш мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынуы мүмкін болса жұмсақ күшті тиімді пайдалану әлдеқайда күрделі болып табылады. Кейін 2011-жылы Джозеф Най бұл терминге екінші анықтама беріп сендіру және тартымдылық тудыру арқылы өзге акторлардың мінез-құлқы мен шешімдеріне ықпал ету қабілеті ретінде анықтамамен қарастырады. (В. Н. Верченко, 2007:50). Осы аталған екі анықтама арасындағы байланыс айырмашылығы байқалады. Бұл байланыс халықаралық қатынастар субъектісінің «ықпал ету қабілеті» болып табылады. Оның объект үшін қалыптасқан «тартымдылығы» негізінде жүзеге асатынын білдіреді. Демек субъект ықпал ету қабілетіне ие болу үшін алдымен объект үшін тартымды болуы тиіс. Осылайша «жұмсақ күш» ұғымының негізгі мазмұнына талдау жасауға болады.

Джозеф Найдың тұжырымдамасына сәйкес «жұмсақ күш» 3 негізгі аспектен тұрады. Олар: мәдениет, саяси құндылықтар және сыртқы саясат. (В. Н. Верченко, 2007:177-178). Сондай-ақ Джозеф Найдың пікірінше «жұмсақ күштің» жүзеге асуында ықпал етілетін тараптың қабылдауы мен көзқарасы маңызды рөл атқарады. Ол «жұмсақ күшті» серіктестерсіз орындалмайтын би сияқты екені туралы сипаттайды. Бұл сипаттамада бір жақты әсер ету емес екі жақтың өзара әрекеттесуімен келісіміне негізделетінін білдіреді. (В. Н. Верченко, 2014:153).

Мәдениет- «жұмсақ күштің» ең маңызды негізі болып табылады. Ол адамдардың қалай өмір сүретінін, қалай әрекет ететінін көрсететін жүйе. Сол арқылы адамдар бір-біріне білім мен құндылықтарды үйретіп қана қоймайды. Мәдениет қоғамның әртүрлі деңгейінде өмір сүреді. (В. Н. Верченко, 2007:153). Мәдениет екіге бөлінеді: поп-мәдениет және жоғары мәдениет. Поп-мәдениет – бәріне ортақ, көпшілікке арналған және көбіне көңіл көтеруге арналған болады. Ал жоғары мәдениетке әдебиет, өнер, білім сияқты салалар жатады және шағын топтарға немесе элитаға арналады. Джозеф Найдың пікірінше «жұмсақ күш» үшін ең тиімдісі – поп-мәдениет. Себебі ол қарапайым адамдарға түсінікті болып келеді және басқа елдердің адамдары да оны оңай қабылдайды. Осы арқылы мемлекет өзіне деген қызығушылықты арттыра алады. Ал тек элитаға арналған мәдениет онша әсерлі болмайды өйткені оны көп адам түсіне бермейді немесе қабылдай бермейді. Мәдениетті таратудың ең негізгі жолы – қарым қатынас. Бұл адамдардың тікелей кездесуі, сапарлары және әртүрлі алмасулар арқылы жүзеге асады (В. И. Супруна, 2006:74).

### Зерттеу нәтижелері

«Жұмсақ күштің» маңызды қайнар көздерінің бірі – саяси құндылықтар мен сыртқы саясат. Егер мемлекеттің сыртқы саясаты дұрыс құрылып әлем үшін маңызды құндылықтарға негізделсе ол басқа елдер тарапынан заңды әрі беделді деп қабылданады. Осындай саясат мемлекеттің «жұмсақ күш» ретінде әсер етуіне мүмкіндік береді.

Джозеф Найдың ғылыми жұмысындағы тұжырымдамасы «жұмсақ күшті» зерттеудегі алғашқы және негізгі теориялардың біріне айналды. Сол себепті ғылыми ортада бұл ұғымды кеңейтетін және тереңдететін көптеген жаңа тұжырымдамалар қалыптасты және әлі де дамып келеді. Аталған теория көбінесе гуманизм мен демократия принциптеріне негізделген батыстық құндылықтар жүйесімен қарастырылады. Дегенмен әлемнің саяси картасы біркелкі дамымаған себепті әр мемлекет экономикалық, әлеуметтік және саяси даму деңгейі жағынан әртүрлі сатыда тұр. Сондықтан «жұмсақ күшті» зерттеу және қолдану әр елдің нақты жағдайы мен ерекшелігіне тәуелді болады. Осы тұрғыда «жұмсақ күш» тұжырымдамасының Қытайға қатысты қолданылуын қарастырайық.

Б.С. Глэйзер мен М.Э. Мерфи Қытайдың «жұмсақ күш» тұжырымдамасының қалыптасуында екі негізгі кезеңді бөліп көрсетеді. 1-кезең 20 ғасырдың соңына сәйкес келеді. Бұл уақытта «жұмсақ күш» мәдениетке сүйенген тәсіл арқылы қарастырылып, мәдени ықпал ету басым болды. 2-кезең 21 ғасырдың соңын қамтиды. Бұл кезеңде Қытайдың өзіне тән ерекшеліктеріне негізделген «жұмсақ күш» тұжырымдамасы қалыптасты. Бұл саяси ғылымдар тұрғысынан жүйелі түрде дамытыла бастады. (Glaser Bonnie S., Murphy Melissa E., 2009:12) Ең алдымен, қытай ғылыми ортада «жұмсақ күш» ұғымын білдіретін бірнеше түрлі аударма нұсқалар бар. Олар бір ұғымды білдіргенімен мағыналық басымдылығы әртүрлі болып келеді.

Олардың ішінен 软势力- Ruǎn shìlì ( , 软力量-Ruǎn lìliàng, 软权力- Ruǎn quánlì, 软国力- Ruǎn guólì сияқты терминдерді ерекше көрсетуге болады. (Тарабарко К. А., 2016:182). 文化-термины Қытай басшылығының ресми құжаттарымен мәлімдемелерінде жиі қолданылады. Бұл «мәдениет», «мәдени» сөзімен бірге қолданылады және Қытайдың «жұмсақ күш» саясатының негізінен мәдени бағытқа сүйенетінін көрсетеді. (Журавлева Е.В., 2016: 22-23) Қытайдың «жұмсақ күші» мен оның құрамдас бөліктерін анықтауда ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Қытайлық ғалым Лю Цзайци: «жұмсақ күш» мемлекеттің «қатты күшті» дамыту мен пайдаланудағы стратегиялық даналығы. Оның көзқарасы бойынша «жұмсақ күшке»: мемлекеттің даму стратегиясы, идеологиясы, құндылықтардың тартымдылығы, қоғамдық даму моделінің әсері, халықтың бірлігі, ұлттың шығармашылық әлеуеті, мәдениеттің тартымдылығы және халықаралық қатынастардағы ықпалы жатады. Ғалымның ойынша «жұмсақ күш» Қытайдың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыратын маңызды құралы болып табылады. (Лю Цзайци, 2009:149)

Қытайдың «жұмсақ күш» теориясының ерекшеліктеріне қатысты көптеген ғылыми пікірталастар дамып, ғылыми ортада көптеген теорияларды туғызып жатыр. Ғалымдардың бір тобы Қытайдың «жұмсақ күші» қорғаныстық сипатқа ие деп есептейді. Қытай халық Республикасының жұмсақ күшінің негізгі мақсаты – Қытайдың халықаралық имиджін жақсарту және елдің экономикалық әрі әскери жетістіктеріне байланысты қалыптасқан «қытайлық қауіп» стереотипін азайту деп есептейді. Бұл көзқарасты қолдаушылар Қытайдың даму моделі батыстық модельдің толық баламасы бола алмайды деп санайды. Бұл бағыттағы ғалымдардың пікірінше Қытайдың, АҚШ және басқа ірі мемлекеттермен қарым-қатынасына кері әсер етуі мүмкін деп есептейді. Ал ғалымдардың екінші тобы Қытайдың даму моделін халықаралық деңгейде тарату қажет деген пікірді ұстанады. Халықаралық қатынастар университетінің профессоры Чжан Минцяньның айтуынша Қытайдың тәжірибесі өте құнды және оның даму моделі батыстық үлгіге балама бола алады. Сондықтан әр мемлекет өзіне қолайлы даму жолын таңдауға құқылы. (Кривохиж С.В., 2012:107)

«Жұмсақ күш» концепциясын ғылыми айналысқа енгізген америкалық ғалым Дж Най. Ол бұл ұғымды өзінің *Soft Power: The Means to Success in World Politics* атты еңбегінде кеңінен талдады. (Nye, J. S. 2004).

Дж Най өзінің (*Soft Power. The means to success in world politics*) атты кітабында, «Жұмсақ күш» – бұл мәжбүрлеу немесе материалдық ынталандыру емес, тартымдылық арқылы қалаған нәтижеге қол жеткізу қабілеті. Ол мемлекеттің мәдениетінің, саяси идеялары мен саяси бағыттарының тартымдылығына негізделеді. Саясат өзге мемлекеттер тарапынан заңды әрі негізді деп қабылданған жағдайда, жұмсақ күштің ықпалы артады. (Nye, J. S. 2004). Ғалым “тартымдылық” ұғымына ерекше назар аударады. Ол бұл түсінікті 2011 жылы жарық көрген “*The Future of Power*” атты еңбегінде кеңейте түседі. Осы еңбекте Най “жұмсақ күшті” “тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін сендіру, нандыру және оң тартымдылық қалыптастыру қабілеті” ретінде анықтайды (Nye, 2011:20).

Найдың пікірінше, «жұмсақ күштің» негізгі көздеріне мәдениет, саяси құндылықтар және сыртқы саясат жатады. Сонымен бірге ол тілдің функциясына айрықша мән береді. «Жұмсақ күштің» үш негізгі құрамдасын айқындайды: сыртқы саясат, сыртқы экономикалық қызмет және мәдениет пен тілдің тартымдылығын арттыратын насихат деп түсіпкітеме берген. (Syroezhkin, 2011: 4).

Батыста «жұмсақ күш» концепциясы көбіне демократия, адам құқықтары және еркіндік сияқты құндылықтармен байланыстырылады. Ал Қытай бұл концепцияны өз дәстүрімен байланыстырады. Қытайдың саяси мәдениетінде билік моральдық беделге сүйенуі керек деген түсінік бар. Бұл идея ежелгі Қытай философиясынан әсіресе Конфуцишілдіктен бастау алады. Сондықтан Қытай «жұмсақ күш» тұжырымдамасын өз өркениетінің ерекшеліктерін көрсету, бейбіт даму идеясын насихаттау құралы ретінде пайдаланады.

Қытай Халық Республикасының өз имиджі мен «жұмсақ күш» саясатын зерттеген Джошуа Курланцик *Charm Offensive: How China's Soft Power Is Transforming the World* еңбегінде Қытайдың мәдени дипломатия арқылы ықпалын арттыруға ұмтылатынын атап өтеді. (Kurlantzick, J. 2007)

Ал Дэвид Шамбо *China Goes Global: The Partial Power* зерттеуінде Қытайдың жұмсақ күш әлеуеті бар екенін, бірақ оның толық жүзеге аспағанын көрсетеді (Shambaugh, D. 2013)

Бұл еңбектер Қытайдың «жұмсақ күш» концепциясының теориялық тұрғыдан негізделгенімен оның тиімділігі халықаралық тән алуға тәуелді екенін көрсетеді.

Найдың «жұмсақ күштің» тұжырымдамасына жақын анықтаманы ресейлік ғалымдар Н.В. Кухаренко мен С.В. Кухаренко береді. Олардың пікірінше, «жұмсақ күш – бұл басқа елдерге бағытталған, өз елінің тартымды бейнесін қалыптастыру және ықпал ету аймағын кеңейту мақсатындағы әскери емес дипломатиялық іс-әрекеттер жиынтығы». (Kukharenko, 2013: 165)

Ресейлік зерттеуші Д.В. Масьяков «жұмсақ күш» ұғымына қатысты өз теориясын дамытқан. Оның пікірінше, «жұмсақ күш – бұл кеңейіп жатқан саясаттың бір атрибуты, ол ортақ құндылықтарды, мәдени және моральдық идеяларды қабылдау және таратуға негізделген жағдайда тартымды әрі тиімді болады». Д.В. Масьяков «жұмсақ күшті» мемлекеттің белгілі бір аймақта өз мүддесін жүзеге асыруға бағытталған арнайы жасалған агрессивтік стратегиясы деп қарастырады. (Masyakov, 2010:13).

Көптеген зерттеушілер «жұмсақ күш» ұғымын Дж. Найдың теориялық тұжырымдарына сүйене отырып талдаса, қытайлық ғалымдар бұл концепцияны өзгеше қырынан қарастыруды жөн көреді. Қытайлық талдаушылардың айтуынша, қазіргі уақытта ҚКП Орталық комитетінің хатшылық мүшесі болып табылатын Ван Хунинг 1993 жылы жұмсақ күш туралы Қытайдағы алғашқы мақаланы жазып, жариялаған. (Wang Huning, 1993:23-28). Қытайға енгізген кезде Ван Хунинг мәдениетті тек саясатты қалыптастырудың негізі ғана емес сонымен бірге басқа елдердің қоғамына әсер ететін күші ретінде сипаттайды. (Huning, 1993: 23-28). Содан бері қытайлық талдаушылар Ванның мәдениетті мемлекеттің жұмсақ күшінің негізгі көзі деп қарастыру туралы негізгі тезисін ұстанып келеді. Бұл Қытай жетекшілерінің әртүрлі сөздерінде және көптеген ғылыми еңбектерде көрініс табады. Олардың пікірінше «жұмсақ күштің» негізгі өзегі – мәдениет. (Luo Jianbo, 2006:97-100).

Li Mingjiang өзінің China Debates Soft Power атты ғылыми жұмысында, ежелгі қытай мәдениеті үйлесімділік идеясын бейнелей отырып, халықтың құндылықтары мен мінез-құлқында терең орныққан. Сонымен қатар қытайлық зерттеушілер медианың және коммуникациялық мүмкіндіктердің маңыздылығын ерекше атап өтеді (Mingjiang, 2008: 287-208). Алайда қытай академиялық дискурсында жұмсақ күштің нақты анықтамасы мен ауқымы әлі де талқылану үстінде бірақ ортақ пікір қалыптаспаған.

Қытайлық ғалым Лю Заиши «жұмсақ күш» – бұл мемлекеттің дамуындағы даналығы мен стратегиясы және «қатты күшті» пайдалану қабілеті деп есептейді (Liu, 2009). Яғни ол «жұмсақ күшті» «қатты күшпен» қатар қояды. Қытайлық ғалым Лю Гуофу «жұмсақ күштің» қайнар көзі «қатты күшті» деп санайды, ал «қатты күш» бәрінің бастауы, «жұмсақ күш» оның кеңейтілген көрінісі болып табылады. Ол сондай-ақ әлемді қарама-қарсы күштер біріктіретінін және бір күштің екіншісіз өмір сүре алмайтынын айтады (Liu, 2012: 18)

«Жұмсақ күш» ұғымына берілетін анықтамалар әртүрлі болғанымен, олардың барлығы ортақ түсінікке тоғысады. Яғни халықаралық қатынастардың белгілі бір субъектісі күш қолдануға жүгінбей, көзделген мақсатқа қол жеткізуге бағытталған құралдарды пайдаланады. Сондықтан «жұмсақ күш» анықтамаларында ортақ ұқсастық бар. Алайда оның қолданылу тетіктеріне қатысты көзқарастар әркелкі.

Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің ғалымы И.В. Радиков «жұмсақ күш» экономикалық факторына және қытайлық даму моделін ілгерілетуге ерекше мән береді. Ол экономикалық санкциялар мен экономикалық қысымның әртүрлі түрлері «қатты күшке» жататыны жөнінде Дж. Наймен келіседі, алайда табысты экономикалық дамудың басқа мемлекеттерге әсіресе даму жолындағы елдерге күшті ықпал ететінін ерекше атап көрсетеді. (Radikov, 2012: 21)

Ресейлік синолог М.Л. Титаренко да Қытай Халық Республикасының «жұмсақ күш» көздерінің бірі ретінде экономикалық өрлеуді қарастырады. Оның пікірінше Бейжіңнің тәжірибесін көптеген дамушы мемлекеттер пайдалануға ұмтылады (Titarenko, 2015: 7)

Қытайда «жұмсақ күш» ұғымы кеңінен талқыланып, мемлекеттік саясат деңгейінде ресми түрде қолданылғанына қарамастан, Джозеф Най бұл тұжырымдаманы бастапқыда тек аналитикалық құрал ретінде ұсынған. Оның мақсаты халықаралық қатынастардағы «күш» ұғымын түсіндірудегі ғылыми олқылықтың орнын толтыру болды. Алайда бұл жағдай аталған тұжырымдаманың теориялық деңгейден шығып, әлемдік саяси тәжірибеде кеңінен қолданылуына кедергі келтірмеді. (Nye, Jr., Joseph S., 2017:1-2)

Қытайдың «жұмсақ күшінің» теориялық аспектісін қорытындылай келе, оның негізі Джозеф Найдың бастапқы тұжырымдамасы мен қытайлық ғалымдар және саяси қайраткерлер тарапынан жүргізілген зерттеулердің жиынтығынан тұратынын атап өткен жөн. Бұл зерттеулер аталған тұжырымдаманы кеңейтіп, тереңдете түсті.

Қытайлық «жұмсақ күш» тұжырымдамасының басты ерекшелігі – оның теориялық тұрғыдан біркелкі болмауы. Атап айтқанда, ғалымдар арасында «жұмсақ күштің» негізгі қайнар көздері мен мазмұнына қатысты ортақ көзқарас толық қалыптаспаған. Сонымен қатар, қытайлық модель ҚХР-дың саяси және экономикалық даму тұжырымдамаларына, сондай-ақ қытай халқының мәдени-өркениеттік құндылықтарына негізделеді.

Зерттеу барысында «жұмсақ күш» теориясының қалыптасуы мен дамуына қатысты батыстық және қытайлық ғылыми көзқарастары талданды. Талдау нәтижесінде бұл ұғымның теориялық негізі америкалық ғалым Джозеф Найдың еңбектерінде қалыптасқаны анықталды. Ғалымның тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттер халықаралық ортада өз мақсаттарына әскери немесе экономикалық қысым жасау арқылы ғана емес мәдени тартымдылық, саяси құндылықтар және сыртқы саясаттың рөлі арқылы да қол жеткізе алатын білдірді. Бұл зерттеу жұмысының нәтижелері көрсеткендей Қытай Джозеф Найдың теориясын толықтай қабылдаған жоқ, керісінше оны өзінің тарихи, мәдени және саяси ерекшеліктеріне сай бейімдеді. Қытай Халық Республикасының ғылыми әдебиеттерінде «жұмсақ күш» ұғымына қатысты бірнеше терминдік нұсқалар қолданылатыны анықталды. Бұл өз кезегінде Қытай Халық Республикасында аталған концепцияның мазмұны мен құрылымына қатысты ортақ ғылыми пікірдің әлі толық қалыптаспаған екенін білдіреді. Ғылыми жұмысты талдау барысында қытайлық ғалымдардың еңбектерінде жұмсақ күштің негізгі қайнар көзі ретінде мәдениетті қарастыратыны белгілі болды. Ван Хунинг, Лю Цзайци және басқа да қытайлық ғалымдардың ғылыми жұмыстарында мәдениет ұлттық ықпалдың маңызды бөлігі ретінде бағаланады және Қытай Халық Республикасының ғылыми қоғамында Конуцишілділік, ұлттық дәстүрлер, тарихи мұра және өркениеттік құндылықтар жұмсақ күштің негізі элементі болып табылды.

Зерттеу барысында Қытайлық жұмсақ күш пенен бстыстық үлгідегі жұмсақ күштің тқмендегі ерекшеліктері белгілі болды.

1. Қытай Халық республикасының жұмсақ күшінің негізіне мәдениет пен қатар экономикалық даму моделін де енгізеді.

2. Қытай Халық Республикасының табысты әлеуметтік-экономикалық дамуы халықаралық аренадағы тартымдылықтың маңызды факторы ретінде қарастырылады.

3. Қытай Халық Республикасының зерттеушілері жұмсақ күш пен қатты күштің зара байланысын ерекше атап кһрсетеді және оларды бірін-бірі толықтыратын құралдар ретінде бағалайды.

Мақалада Қытай Халық Республикасының жұмсақ күш саясатының негізгі бағыттары келіп шықты. Оларға: мәдени дипломатия, білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық, қытай тілін шетелде насихаттау, қоғамдық дипломатия, халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі, Қытай Халық Республикасының даму тәжірибесін халықаралық имиджін нығайтуға және жаһандық ықпалын арттыруға бағытталғаны белгілі болды. Қытай Халық Республикасының жұмсақ күш теориясы әлі ле дамуда. Ұытайлық ғалымдар арасында оның негізі құрылымына қатысты пікір айырмашылықтар сақталғаны мен олардың барлығы мәдениетті ұлттық ықпалдың маңызды элементі ретінде мойындайды. Сонымен қатар Қытай Халық Республикасының жұмсақ күш саясаты мәдени-гуманитарлық ықпалымен қатар экономикалық және саяси факторларды да қамтитытыны белгілі болды.

Зерттеу Қытай Халық Республикасының жұмсақ күш теориясын Джозеф Най ұсынған теориялық негіздерінен бастау алсада қазірі кезеңде қытайлық ерекшеліктерге бейімделген дербес ғылыми және саяси модельге айналғанын көрсетті. Бұл модель Қытайдың халықаралық

беделін арттыруға, жағымды имидж қалыптастыруға және әлемдік саясаттағы ықпалын күшейтуге баытталған.

### Қорытынды

Қазіргі таңда жұмсақ күш теориясы халықаралық қатынастар теориясындағы маңызды категориялардың біріне айналды. Бұл теорияны алғашқы болып Джозеф Най енгізді. Ол бұл теорияға Қандай да бір мемлекет өз мақсаттарына іскери немесе экономикалық қысым арқылы емес тартымдылық, сендіру және ынталандыру құралдары арқылы қол жеткізу мүмкіндігін алға тартты. (Nye, 2004; Nye, 2011). Оның пікірінше жұмсақ күштің негізі мәдениет, саяси құндылықтар және сыртқы саясат болып табылады.

Жүргізілген талдау Қытай Халық Республикасының аталған тұжырымдаманы өз ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес бейімдегенін көрсетті. Қытайлық ғылыми ортада жұмсақ күштің мазмұны мен құрылымына қатысты бірыңғай көзқарас қалыптаспағанымен, зерттеушілердің басым бөлігі оның негізгі өзегі ретінде мәдениетті қарастырады (Wang, 1993; 23-28, Liu, 2009:149-155). Сонымен қатар Қытай тәжірибесінде жұмсақ күш тек мәдени ықпалмен шектелмей, экономикалық даму моделі, қоғамдық тұрақтылық, білім беру жүйесі және халықаралық бедел сияқты факторлармен толықтырылады.

Қытайдың жұмсақ күш саясатының теориялық негіздері мен негізгі бағыттары анықталды. Атап айтқанда, мәдени дипломатия, қоғамдық дипломатия, білім беру ынтымақтастығы, қытай тілін халықаралық деңгейде ілгерілету және халықаралық ақпараттық кеңістіктегі белсенділік Қытайдың жұмсақ күшінің негізгі құралдары ретінде қалыптасқан (Kurlantzick, 2007; Shambaugh, 2013). Бұл құралдар Қытайдың халықаралық имиджін нығайтуға және оның жаһандық ықпалын арттыруға бағытталған.

Қытайдың жұмсақ күш тұжырымдамасы Джозеф Най ұсынған теориялық негіздерге сүйенгенімен, уақыт өте келе қытайлық саяси-мәдени ерекшеліктерге бейімделген дербес модельге айналғанын көрсетті. Қытайлық көзқараста жұмсақ күш ұлттық мәдениетпен қатар экономикалық даму жетістіктері мен мемлекеттік басқару тиімділігін де қамтитын кешенді құбылыс ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда Қытайдың жұмсақ күш саясаты халықаралық қатынастардағы ықпал ету тетіктерінің жаңа үлгісін қалыптастыруға ықпал етіп отыр.

Сондықтан Қытайдың жұмсақ күш саясатын зерттеу қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі ықпал ету механизмдерінің трансформациясын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл зерттеу Қытайдың халықаралық аренадағы рөлін, оның мәдени-гуманитарлық ықпалының ерекшеліктерін және әлемдік саясаттағы орнының күшею үрдістерін ғылыми тұрғыдан бағалауға негіз болады.

### Әдебиеттер:

Nye, 2004 – *Nye J.S. Soft Power: The Means to Success in World Politics*// New York: PublicAffairs. Soft Power (PublicAffairs). 2004. 5 p.

Nye, 2011 – *Nye J.S. The Future of Power* //New York: PublicAffairs. 2011. 6 p.

Glaser, Murphy, 2009 – *Glaser B.S., Murphy M.E. Soft Power with Chinese Characteristics* // Center for Strategic and International Studies (CSIS)//CSIS Report: Soft Power with Chinese Characteristics.

Wang, 1993 – *Wang, H. Culture as National Power: Soft Power*//Journal of Fudan University. 1993. No. 3. 23–28 p.

Най., 2006 – *Най, Джозеф С. Гибкая власть: как добиться успеха в мировой политике* //Джозеф С. Най ; пер. [с англ.] В. И. Супруна. Новосибирск. Москва. Фонд социо-прогност. исслед. "Тренды", 2006.

- Най., 2007 – *Най, Джозеф С.* Будущее власти //С. Джозеф Най, младший; пер. с англ. В. Н. Верченко. Москва. АСТ. 2014. 444 с. Пер.: Nye J. The Future of Power//New York. 2007. С. 50
- Най., 2014 – *Най, Джозеф С.* Будущее власти//С. Джозеф Най, младший; пер. с англ. В. Н. Верченко. Москва. АСТ. 2014. 444 с. Пер.: Nye J. The Future of Power//New York. 2007. С. 177-178
- Най., 2014 – *Най, Джозеф С.* Будущее власти//С. Джозеф Най, младший; пер. с англ. В. Н. Верченко. Москва. АСТ. 2014. – 444 с. Пер.: Nye J. The Future of Power//New York. 2007. С. 153
- Най., 2007 – *Най, Джозеф С.* Будущее власти//С. Джозеф Най, младший; пер. с англ. В. Н. Верченко. Москва: АСТ. 2014. 444 с. Пер.: Nye J. The Future of Power. New York. 2007. С. 153
- Най., 2006 – *Най, Джозеф С.* Гибкая власть: как добиться успеха в мировой политике //Джозеф С. Най ; пер. [с англ.] В. И. Супруна//Новосибирск Москва : Фонд социо-прогност. исслед. Тренды, 2006. С. 74
- Glaser & Murphy, 2009 – *Glaser Bonnie S., Murphy Melissa E.* Soft Power with Chinese Characteristics//The Ongoing Debate. Chinese Soft Power and Its Implications for the United States. Competition and Cooperation in the Developing World//A Report of the CSIS Smart Power Initiative. Center for Strategic and International Studies. 2009. URL:[http://csis.org/files/media/csis/pubs/090305\\_mcgiffert\\_chinese\\_softpower\\_web.pdf](http://csis.org/files/media/csis/pubs/090305_mcgiffert_chinese_softpower_web.pdf). С. 2
- Тарабарко, 2016 – *Тарабарко К. А.* "Мягкая сила" культуры: эволюция концепции в трудах китайских учёных // Тамбов: Грамота. 2016. № 7(69): в 2-х ч. Ч. 2. С.182
- Журавлева, 2016 – *Журавлева Е.В.* Стратегия красоты: теории «мягкой силы» с китайской спецификой // Вестник РУДН. Серия «Международные отношения». 2016. № 1. С. 22-23
- Лю, 2012 – *Лю Цзайци* «Мягкая сила» в стратегии развития Китая // Полис. Политические исследования. 2009. № 4. С. 149
- Кривохиж, 2012 – *Кривохиж С.В.* «Мягкая сила» и публичная дипломатия в теории и внешнеполитической практике Китая // Вестник Санкт-Петербургского Университета. Сер.137. 2012. Вып. 3. С. 107
- Kurlantzick, 2007 – *Kurlantzick, J.* Charm Offensive: How China's Soft Power Is Transforming the World// Yale University. 2007 Press.<https://yalebooks.yale.edu/book/9780300122007/charm-offensive/>
- Shambaugh, 2013 – *Shambaugh, D.* China Goes Global: The Partial Power//Oxford University Press. <https://global.oup.com/academic/product/china-goes-global-9780199860148/>
- Kurlantzick, 2007 – *Kurlantzick, J.* Charm Offensive: How China's Soft Power Is Transforming the World//Yale University Press. 2007
- Wang, 1993 – *Wang Huning.* Zuowei Guojia Shili de Wenhua: Ruan Quanli (‘Culture as National Power: Soft Power’)//Fuda Daxue Xuebao (Journal of Fudan University). No. 3. 1993. 23–28 p
- Luo, 2006 – *Luo Jianbo,* ‘Zhongguo Jueqi de Duiwai Wenhua Zhanlue’, (‘External Cultural Strategy in China’s Rise’)//Zhonggong Zhongyang Dangxiao Xuebao (Journal of the Party School of the Central Committee of the CCP). No. 3. 2006. p. 97–100
- Nye, 2017 – *Jr., Joseph S.,* Soft Power: The Origins and Political Progress of a Concept//Palgrave Communications, Vol. 3, 2017. С. 1-2
- Liu, 2009 – *Liu.* «Мягкая сила» в стратегии развития Китая//Полис. Политические исследования. №4. С. 149–155.

#### References:

Nye, 2004 – *Nye J. S.,* Soft Power: The Means to Success in World Politics// New York: PublicAffairs.Soft Power (PublicAffairs). 2004. 5 p.

- Nye, 2011 – *Nye, J. S.*, The Future of Power //New York: PublicAffairs. 2011. 6 p.
- Glaser & Murphy, 2009 - *Glaser, B. S., & Murphy, M. E.*, Soft Power with Chinese Characteristics//Center for Strategic and International Studies (CSIS)//CSIS Report: Soft Power with Chinese Characteristics.
- Wang, 1993 – *Wang, H.*Culture as National Power: Soft Power//Journal of Fudan University. 1993. No. 3. p 23–28.
- Nai., 2006 – *Nai, Jozef S.* Gibkaia vläst: kak dobitsä uspeha v mirovoi politike //Jozef S. Nai ; per. [s angl.] V. İ. Supruna. Novosibirsk. Moskva. Fond sosio-prognost. issled. "Trendy", 2006.
- Nai., 2007 – *Nai, Jozef S.* Budușee vlasti //S. Jozef Nai, mladși; per. s angl. V. N. Verchenko. Moskva. AST. 2014. 444 s. Per.: Nye J. The Future of Power//New York. 2007. C. 50
- Nai., 2014 – *Nai, Jozef S.* Budușee vlasti//S. Jozef Nai, mladși; per. S angl. V. N. Verchenko. Moskva. AST. 2014. 444 s. Per.: Nye J. The Future of Power//New York. 2007. S. 177-178
- Nai., 2014 – *Nai, Jozef S.* Budușee vlasti//S. Jozef Nai, mladși; per. s angl. V. N. Verchenko. Moskva. AST. 2014. – 444 s. Per.: Nye J. The Future of Power//New York. 2007. S. 153
- Nai., 2007 – *Nai, Jozef S.* Budușee vlasti//S. Jozef Nai, mladși; per. s angl. V. N. Verchenko. Moskva: AST. 2014. 444 s. Per.: Nye J. The Future of Power. New York. 2007. S. 153
- Nai., 2006 – *Nai, Jozef S.* Gibkaia vläst: kak dobitsä uspeha v mirovoi politike //Jozef S. Nai ; per. [s angl.] V. İ. Supruna//Novosibirsk Moskva : Fond sosio-prognost. issled. Trendy, 2006. S. 74
- Glaser & Murphy, 2009 – *Glaser Bonnie S., Murphy Melissa E.* Soft Power with Chinese Characteristics//The Ongoing Debate. Chinese Soft Power and Its Implications for the United States. Competition and Cooperation in the Developing World//A Report of the CSIS Smart Power Initiative. Center for Strategic and International Studies. 2009. URL:[http://csis.org/files/media/csis/pubs/090305\\_mcgiffert\\_chinese\\_softpower\\_web.pdf](http://csis.org/files/media/csis/pubs/090305_mcgiffert_chinese_softpower_web.pdf) C. 2
- Tarabarko, 2016 – *Tarabarko K. A.* "Mägkaia sila" kültury: evolüsia konsepsii v trudah kitaiskih uchönyh // Tambov: Gramota. 2016. № 7(69): v 2-h ch. Ch. 2. S.182
- Juravleva, 2016 – *Juravleva E.V.* Stratagema krasotki: teorii «mägkoi sily» s kitaiskoi spesifikoi // Vestnik RUDN. Seria «Mejdunarodnye otnoșenia». 2016. № 1. S. 22-23
- Lü, 2012 – *Lü Szaisi* «Mägkaia sila» v strategii razvitiia Kitaia // Polis. Politicheskie issledovania. 2009. № 4. S. 149
- Krivohij, 2012 – *Krivohij S.V.* «Mägkaia sila» i publicznaia diplomatia v teorii i vneșnepoliticheskoj praktike Kitaia // Vestnik Sankt-Peterburgskogo Universiteta. Ser.137. 2012. Vyp. 3. S. 107
- Nye, 2004 – *Nye, Jr., Joseph S.* Soft Power: The Means to Success in World Politics//New York: PublicAffairs. 2004
- Kurlantzick, 2007 – *Kurlantzick, J.* Charm Offensive: How China's Soft Power Is Transforming the World// Yale University. 2007 Press.<https://yalebooks.yale.edu/book/9780300122007/charm-offensive/>
- Shambaugh, 2013 – *Shambaugh, D.* China Goes Global: The Partial Power//Oxford University Press. <https://global.oup.com/academic/product/china-goes-global-9780199860148/>
- Kurlantzick, 2007 – *Kurlantzick, J.* Charm Offensive: How China's Soft Power Is Transforming the World//Yale University Press. 2007
- Wang, 1993 – *Wang Huning.* Zuowei Guojia Shili de Wenhua: Ruan Quanli (‘Culture as National Power: Soft Power’)//Fuda Daxue Xuebao (Journal of Fudan University). No. 3. 1993. P. 23–28
- Luo Jianbo, 2006 – *Luo Jianbo*, ‘Zhongguo Jueqi de Duiwai Wenhua Zhanlue’, (‘External Cultural Strategy in China’s Rise’)//Zhonggong Zhongyang Dangxiao Xuebao (Journal of the Party School of the Central Committee of the CCP). No 3. 2006. p. 97–100
- Nye, 2017 – *Jr., Joseph S.*, Soft Power: The Origins and Political Progress of a Concept//Palgrave Communications Vol. 3, 2017. S. 1-2

Liu, 2009 – Liu, . «Mägkaia sila» v strategii razvitiia Kitaia//Polis. Politicheskie issledovania. №4. С. 149–155.

\*<sup>1</sup> Мәсімханұлы Д. <sup>2</sup>Кудьяров Б.Б.

<sup>1,2</sup> Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: <sup>1</sup> [duken.masimhan@gmail.com](mailto:duken.masimhan@gmail.com), <sup>2</sup> [Baburbek.kudyarov@gmail.com](mailto:Baburbek.kudyarov@gmail.com)

## СТРАТЕГИЯ МЯГКОЙ СИЛЫ КИТАЯ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ЗАПАДНЫХ И КИТАЙСКИХ НАУЧНЫХ ПОДХОДОВ

**Аннотация.** В статье рассматриваются теоретические основы научной концепции «мягкой силы» КНР и особенности её формирования. Целью исследования является анализ специфики восприятия и развития Китаем концепции «мягкой силы» на основе теории Джозефа Ная, а также систематизация теоретических подходов, существующих в китайской научной среде. Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи: анализ основных положений концепции Джозефа Ная, сравнение взглядов китайских ученых на «мягкую силу», выявление основных компонентов и особенностей политики мягкой силы КНР, а также определение сходств и различий между китайским и западным научными дискурсами. В ходе исследования использовались методы историко-сравнительного анализа. Научная новизна работы заключается в комплексном анализе теоретической эволюции концепции «мягкой силы» Китая на основе западных и китайских научных подходов. Кроме того, в статье показано, что политика мягкой силы Китая развивается не только в культурной сфере, но и тесно связана с политическими ценностями, моделью экономического развития, системой образования и механизмами формирования международного имиджа. Установлено, что в китайском научном сообществе отсутствует единое понимание содержания понятия «мягкая сила», а его интерпретация основывается на национальной специфике. Результаты исследования показывают, что, хотя китайская концепция «мягкой силы» опирается на первоначальную теорию Джозефа Ная, её содержание было существенно расширено на основе китайских политико-культурных ценностей. В китайской модели культура занимает центральное место, однако важными компонентами мягкой силы также рассматриваются опыт экономического развития, общественная стабильность, эффективность государственного управления и международный авторитет. Автор приходит к выводу, что политика мягкой силы Китая направлена на формирование позитивного имиджа государства на международной арене, усиление культурного влияния и развитие международного сотрудничества.

**Благодарность:** Данная статья выполнена в рамках научного проекта BR24993043 «Древнетюркские топонимы в китайских и других восточных источниках как одна из основ современной тюркской интеграции: историко-этимологический и лингвистический аспекты».

**Ключевые слова:** мягкая сила, Китай, Джозеф Най, культурная дипломатия, международные отношения, внешняя политика Китая, общественная дипломатия, культура, международный имидж.

\*<sup>1</sup>Massimkhanuly D. <sup>2</sup>Kudyarov.B .B.

<sup>1,2</sup> R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: <sup>1</sup> [duken.masimhan@gmail.com](mailto:duken.masimhan@gmail.com), <sup>2</sup> [Baburbek.kudyarov@gmail.com](mailto:Baburbek.kudyarov@gmail.com)

## CHINA'S SOFT POWER STRATEGY: A COMPARATIVE ANALYSIS OF WESTERN AND CHINESE SCHOLARLY APPROACHES

**Annotation.** This article examines the theoretical foundations of the People's Republic of China's concept of soft power and the distinctive features of its development. Based on Joseph Nye's theory of soft power, the study aims to analyze the characteristics of China's adoption and development of this concept, as well as to systematize the theoretical perspectives existing within the Chinese academic community. To achieve this objective, the following tasks were undertaken: to analyze the fundamental principles of Joseph Nye's concept; to compare the views of Chinese scholars on soft power; to identify the main components and characteristics of China's soft power policy; and to reveal the similarities and differences between Chinese and Western academic discourses on soft power. The research employs historical and comparative analysis methods. The scientific novelty of the study lies in its comprehensive examination of the theoretical evolution of China's soft power concept through both Western and Chinese scholarly perspectives. Furthermore, the article demonstrates that China's soft power policy extends beyond culture and is closely connected with political values, the economic development model, education, and mechanisms for shaping the country's international image. The study reveals that no unified understanding of the content of soft power has yet emerged within the Chinese academic community and that interpretations of the concept are largely shaped by national characteristics. The findings indicate that although China's soft power concept is based on Joseph Nye's original theory, its content has been significantly expanded through the incorporation of Chinese political and cultural values. While culture occupies a central position in the Chinese model, economic development experience, social stability, effective governance, and international prestige are also regarded as important components of soft power. The author concludes that China's soft power policy is aimed at building a positive national image in the international arena, enhancing its cultural influence, and promoting international cooperation.

**Acknowledgments:** This article was written as part of the research project BR24993043, "Ancient Turkic Toponyms in Chinese and Other Eastern Sources as One of the Foundations of Modern Turkic Integration: Historical, Etymological, and Linguistic Aspects."

**Keywords:** soft power, China, Joseph Nye, cultural diplomacy, international relations, China's foreign policy, public diplomacy, culture, international image.

Авторлар туралы мәлімет:

Мәсімханұлы Дүкен – филология ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Бас директоры

Кудьяров Бабурбек Базарбайұлы – PhD докторанты, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Масимханулы Дукен – доктор филологических наук, профессор, Генеральный директор Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова

Кудьяров Бабурбек Базарбайұлы – PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Masimkhanuly Duken – Doctor of Philological Sciences, Professor, General Director of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenova

Kudyarov Baburbek Bazarbayuly – PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Келін түсті 15 ақпан 2026 жыл  
Қабылданды 18 мамыр 2026 жыл